20264349802

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 28 тамыз № 3971-23-00-2/2355 Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Тәңірберген талап арызы бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкерге «Мансур – Тиштықбаев Б.М.».

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану.

ҚАРАР БӨЛЕГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамның жеке кәсіпкерге «Мансур – Тиштықбаев Б.М.» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды туралы талабы – толық көлемде қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мансур – Тиштықбаев Бақытбек Мұратұлы» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкерден «Мансур – Тиштықбаев Бақытбек Мұратұлы» мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жетіжүз жиырма бес) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Тәңірберген А. Т., 28.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.10.2023, судья Тәңірберген А. Т., 05.10.2023
3971-23-3-1/2634

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: А.Т. Тәңірберген

Құжатқа қол қойылған: Тәңірберген А. Т., 28.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.10.2023, судья Тәңірберген А. Т., 05.10.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство